

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ  
2021 жылғы 12 тамыздағы №35

Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
12 августа 2021 года №35

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігерінің 2021 жылғы  
11 маусымдағы № 28 қаулысына  
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – КВИ) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 11 маусымдағы № 28 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСД-ның № 28 қаулысы) мынадай толықтыру енгізілсін:

ҚР БМСД-ның № 28 қаулысына 1-қосымша мынадай мазмұндағы 9-бөлімімен толықтырылсын:

**«9. COVID-19 (Vero Cell), белсенділігі жойылған (Sinopharm) вакцинасын қолдана отырып КВИ-ге қарсы вакцинациялау жүргізу**

114. Белсенділігі жойылған (Sinopharm) COVID-19-ға қарсы (Vero Cell) вакцина – SARS-CoV-2, 19nCoV-CDC-Tan-HB02, штамынан жасалған, ол кейіннен сұйық вакцина қалыптастыра отырып, алюминий гидроксидінен адьювантпен адсорбциялау арқылы өсірінді алу және жинақтау, β-пропиолактонмен белсенділігін жою, концентрациялау және тазарту үшін Vero жасушаларына егіледі. Вакцинада антибиотиктер мен консерванттар жоқ.

115. Вакцина 18 жастан асқан ересектерге арналған.

116. Вакцинаның шығарылу нысаны:

1) бір дозалы құтыда енгізу үшін 0,5 мл өнім болады;

2) құтыда екі рет енгізу үшін 1,0 мл өнім болады, әрбір енгізу үшін бір доза ретінде 0,5 мл қажет; бір адамға 1.0 мл енгізуге тыйым салынады.

117. Вакцинациялау кестесі: енгізу арасындағы 21-28 күн аралықпен екі доза, әр доза 0,5 мл. құрайды.

118. Ұсынылатын енгізу жолы – бұлшықетке, көбінесе иықтың дельта тәрізді бұлшықетіне. Тамыр ішіне енгізуге қатаң тыйым салынады.

119. Құтыны алғаш ашқаннан кейін вакцинаның көлемі 1,0 мл қалдығы бөлме температурасында 1 сағаттан артық сақталмайды немесе плюс 2°C-тан плюс 8°C-қа дейінгі температура кезінде 6 сағаттан асырмай сақталады.

120. Вакцинаны екінші рет алу алдында резеңке тығынның бетін дезинфекциялау қажет. Айқаспалы ластануды болдырмау үшін дозаны құтыдан шприцке алу оны тікелей енгізер алдында жүргізілуі қажет. Құрамында консервант жоқ болғандықтан, шприцке жиналған вакцинаны дереу пайдалану керек. Шприцке бірнеше рет аспирациядан туындаған егу дозасының қателігі барынша азайтылуы тиіс. Егер құтыдағы қалған вакцина 0.5 мл-ден аз болса, оны тастау керек және әртүрлі құтыдағы вакцинаның қалдықтарын араластырмау керек.

121. Осы препаратпен қайта иммундау қажеттілігі анықталған жоқ.

122. Вакцинаны енгізуге қарсы көрсетілімдер:

1) вакцинаның кез-келген компонентіне (оның ішінде қосымша заттарға) аллергия;

2) вакцинаға аллергиялық реакциялар (жедел аллергиялық реакция, ангионевроздық ісіну, ентігу);

3) бақыланбайтын эпилепсия немесе жүйке жүйесінің басқа да үдемелі аурулары, сондай-ақ анамнезінде Гийен-Барре синдромының болуы;

4) жүктілік және лактация кезеңі;

5) 18 жасқа дейін жас ерекшелік.

123. Егер вакцинациядан кейін жүйке жүйесі тарапынан жағымсыз реакциялар пайда болса, осы өнімді қайта пайдалануға тыйым салынады.

124. Вакцинаны мынадай жағдайларда:

1) жедел ауруы, созылмалы аурулардың өршуі және қызбасы бар пациенттерге сақтықпен қолдану керек; қажет болған жағдайда, дәрігер вакцинацияны жүргізуді кейінге қалдырады;

2) қант диабетімен ауыратын пациенттерге және анамнезінде немесе отбасы анамнезінде құрысулар, эпилепсия, энцефалопатия, психикалық аурулары бар пациенттерге сақтықпен қолдану керек;

3) вакцинаны бұлшықетке енгізу кезінде пайда болуы мүмкін қан кету қаупіне байланысты қанның ұюының бұзылуы және тромбоцитопения бар пациенттерге сақтықпен қолдану керек;

4) қатерлі ісік, нефроздық синдром, ЖИТС-пен ауыратын науқастар (бұл адамдарда вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы деректер алынбаған)

сияқты иммундық функциясы бұзылған пациенттерде сақтықпен пайдалану керек.

125. Иммундық-глобулиндер қабылдайтын адамдар иммундық тиімділікке әсер етуді болдырмау үшін осы препаратпен кемінде 1 ай аралықпен вакцинациялануы тиіс.

126. Басқа дәрілік заттармен біріктіріп қолдану: иммундық-супрессивті заттар сияқты иммундық-супрессивті препараттар, химия-терапияға арналған дәрілік заттар, метаболизмге қарсы препараттар, алкилирлеуші агенттер, цитоуытты препараттар, кортикостероидтар және т.б. препараттарды біріктіріп қолдану организмнің осы өнімге иммундық реакциясын төмендетуі мүмкін.

127. Жанама әсерлердің пайда болу жиілігі:

- 1) өте жиі: инъекция орнындағы ауырсыну, бас ауруы;
- 2) жиі: қызба, шаршау, миалгия, артралгия, жөтел, енгігу, диарея, қышыну;
- 3) жиі емес: қызару, ісіну, қатаю, бөртпе, қышыну, бас айналу, анорексия, құсу, ауыз-жұтқыншақтың ауыруы, дисфагия, тұмау, іш қатуы, аса жоғары сезімталдық;
- 4) сирек: эритема, жедел аллергиялық реакция, шаршау, ұйқышылдық, ұйықтай алмау, түшкіру, назофарингит, мұрынның бітелуі, тамақтың құрғауы, тұмау жағдайы, тітіркендіргіштерге төмен сезімталдық (гипестезия), аяқ-қолдардағы ауырсыну, жүрек соғысының жиілеуі, іш аймағындағы ауырсыну, бөртпе, терінің және шырышты қабықтардың қалыптан тыс жағдайы, безеу, көздің ауыруы (офтальмодения), құлақтағы жағымсыз сезімдер, лимфа түйіндерінің ұлғаюы (лимфаденопатия);
- 5) өте сирек: қалтырау, дәм сезудің бұзылуы, дәм сезбеу, күйдіру және ашыту сезімі (парестезия), тремор, зейін концентрациясының бұзылуы, мұрыннан қан кету (эпистаксис), демікпе ұстамалары, тамақтың жыбырлауы, тонзиллит, физикалық жайсыздық, мойынның ауыруы, жақтың ауыруы, мойынның тығыздалуы, ауыздың шырышты қабығындағы жаралар, тіс ауыруы, өңеш қызметінің бұзылуы, гастрит ұстамалары, нәжістің түссізденуі, көздің ауыруы (офтальмодения), бұлыңғыр көру, көздің тітіркенуі, құлақтың ауыруы, күш түскенін сезіну, қысым, төмен қан қысымы, несеп ұстамау, етеккірдің кешігуі.

Вакцинамен байланысты күрделі жанама реакциялар байқалған жоқ.

128. Вакцинаны сақтау шарттары – жарықтан қорғалған жерде, салқын күйде плюс 2° С-тан плюс 8 °С-қа дейінгі температурада. Мұздатуға болмайды.

129. Жарамдылық мерзімі – 24 ай. Қаптамасында және заттаңбасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**

**Е. Қиясов**

**Согласовано**

12.08.2021 10:50 Азимбаева Нуршай Юсунтаевна  
12.08.2021 10:51 Тилесова Айгуль Шарапатовна  
12.08.2021 16:11 Ахметова Зауре Далеловна  
12.08.2021 16:32 Садвакасов Н. О. ((и.о Есмагамбетова А. С.))

**Подписано**

12.08.2021 18:09 Қиясов Ерлан Ансаганович

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Кошкарбаева А.С.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ  
2021 жылғы 12 тамыздағы № 35

Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
12 августа 2021 года № 35

город Нур-Султан

**О внесении дополнения в  
постановление Главного государственного  
санитарного врача Республики Казахстан  
от 11 июня 2021 года № 28**

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции (далее – КВИ) среди населения Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Внести в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 11 июня 2021 года №28 «О дальнейшем проведении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Республики Казахстан» (далее – ПГГСВ РК №28) следующее дополнение:

приложение 1 ПГГСВ РК №28 дополнить разделом 9 следующего содержания:

**«9. Проведение вакцинации против КВИ с применением вакцины COVID-19 (Vero Cell), инактивированная (Sinopharm)**

114. Вакцина против COVID-19 (Vero Cell), инактивированная (Sinopharm) – изготовлена из штамма SARS-CoV-2, 19nCoV-CDC-Tan-HB02, который прививают в клетки Vero для культивирования, сбора, инактивации β-пропиолактоном, концентрации и очистки, с последующей адсорбцией адьювантом из гидроксида алюминия с образованием жидкой вакцины. Вакцина не содержит антибиотиков и консервантов.

115. Вакцина предназначена для взрослых старше 18 лет.

116. Формы выпуска вакцины:

1) однодозовый флакон содержит 0,5 мл продукта для введения;  
2) флакон содержит 1,0 мл продукта для двух введений, для каждого введения требуется 0,5 мл в качестве одной дозы; запрещено вводить 1,0 мл одному человеку.

117. График вакцинации: две дозы с интервалом между введениями 21-28 дней, каждая доза составляет 0,5 мл.

118. Рекомендуемый путь введения - внутримышечный, предпочтительно в дельтовидную мышцу плеча. Внутрисосудистое введение строго запрещено.

119. Остаток вакцины объемом 1,0 мл, после первого вскрытия флакона хранится при комнатной температуре не более 1 часа или при температуре от плюс 2 до плюс 8°C - не более 6 часов.

120. Перед вторым забором вакцины, поверхность резиновой пробки необходимо продезинфицировать. Во избежание перекрестного загрязнения, забор дозы из флакона в шприц необходимо производить непосредственно перед введением. Использовать набранную в шприц вакцину следует немедленно, так как она не содержит консервантов. Погрешность дозы прививки, вызванная многократной аспирацией в шприц, должна быть сведена к минимуму. Если оставшаяся вакцина во флаконе составляет менее 0,5 мл, ее следует выбросить, и не смешивать остатки вакцины из разных флаконов.

121. Необходимость повторной иммунизации данным препаратом не была определена.

122. Противопоказания к введению вакцины:

1) аллергия на любой компонент (включая вспомогательные вещества) вакцины;

2) аллергические реакции на вакцины (острая аллергическая реакция, ангионевротический отек, одышка);

3) неконтролируемая эпилепсия или другие прогрессирующие заболевания нервной системы, а также синдром Гийена-Барре в анамнезе.

4) беременность и период лактации;

5) возраст до 18 лет.

123. Запрещается использовать данную вакцину повторно, если после вакцинации возникла побочные реакции со стороны нервной системы.

124. Вакцину следует использовать с осторожностью у пациентов:

1) с острыми заболеваниями, обострением хронических заболеваний и лихорадкой; при необходимости, проведение вакцинации откладывается врачом;

2) страдающих диабетом, и у лиц, у которых в анамнезе или в семейном анамнезе были судороги, эпилепсия, энцефалопатия, психические заболевания;

3) с нарушениями свертываемости крови и тромбоцитопении, из-за риска кровотечения, которое может возникнуть во время внутримышечного введения вакцины;

4) с нарушениями иммунной функции как злокачественная опухоль, нефротический синдром, больные СПИДом (данные о безопасности и эффективности вакцины у этих людей не были получены).

125. Люди, получающие иммуноглобулины, должны быть вакцинированы данной вакциной с интервалом не менее 1 месяца, для исключения воздействия на иммунную эффективность.

126. Комбинированное применение с другими лекарственными средствами: комбинированное применение с иммуносупрессивными препаратами, такими как иммуносупрессивные средства, лекарственные

средства для химиотерапии, анти-метаболические препараты, алкилирующие агенты, цитотоксические препараты, кортикостероиды и т.д. могут снизить иммунный ответ организма на данный продукт.

127. Частота появления побочных действий:

- 1) очень часто: боль на месте инъекции; головная боль;
- 2) часто: лихорадка, усталость, миалгия, артралгия, кашель, одышка, диарея, зуд;
- 3) нечасто: покраснение, отек, уплотнение, сыпь, зуд, головокружение, анорексия, рвота, боль в ротоглотке, дисфагия, насморк, запор, гиперчувствительность;
- 4) редко: эритема, острая аллергическая реакция, вялость, сонливость, трудности с засыпанием, чихание, назофарингит, заложенность носа, сухость в горле, гриппозное состояние, пониженная чувствительность к раздражителям (гипестезия), боли в конечностях, учащенное сердцебиение, боли в области живота, сыпь, аномальное состояние кожи и слизистых, акне, боль в глазах (офтальмопатия), неприятные ощущения в ушах, увеличение лимфатических узлов (лимфаденопатия);
- 5) очень редко: озноб, нарушение вкуса, потеря вкуса, ощущение жжения и покалывания (парестезия), тремор, нарушение концентрации внимания, носовые кровотечения (эпистаксис), приступы астмы, першение в горле, тонзиллит, физический дискомфорт, боль в шее, боль в челюсти, уплотнение на шее, язвы на слизистой рта, зубная боль, нарушения в работе пищевода, приступы гастрита, обесцвечивание кала, боль в глазах (офтальмопатия), затуманенное зрение, раздражение глаз, ушная боль, ощущение напряжения, повышенное давление, пониженное давление, недержание мочи, задержка менструации.

Серьезных побочных реакций, связанных с вакциной, не наблюдалось.

128. Условия хранения вакцины – в охлажденном состоянии при температуре от плюс 2°C до плюс 8°C, защищать от света. Не следует замораживать.

129. Срок годности – 24 месяца. Не использовать после истечения срока годности, указанного на упаковке и на этикетке.».

2. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.
3. Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

**Главный государственный  
санитарный врач  
Республики Казахстан**

**Е. Киясов**

**Согласовано**

12.08.2021 10:50 Азимбаева Нуршай Юсунтаевна

12.08.2021 10:51 Тилесова Айгуль Шарапатовна

12.08.2021 16:11 Ахметова Зауре Далеловна

12.08.2021 16:32 Садвакасов Н. О. ((и.о Есмагамбетова А. С.))

**Подписано**

12.08.2021 18:09 Киясов Ерлан Ансаганович

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Кошкарбаева А. С.